

Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы № 37/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 ақпанда № 6708 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 5/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 15.04.2021 № 5/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес, Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес, Шиелі ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың сессия
төрағасы*

М.Салқынбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б.Сыздық

Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы № 37/3 шешіміне 1-қосымша

Шиелі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр
1	2	3	4
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,75
2.	Интернаттар	1 орын	0,432
3.	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,546
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,352

5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,31
6.	Емханалар	1 келіп кету	0,084
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,049
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,083
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,61
10.	Кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар	1 отыратын орын	0,12
11.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,02
12.	Стадиондар, спорттық алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,01
13.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 текше метр	0,04
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 текше метр	0,26
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 текше метр	0,302
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 текше метр	0,207
17.	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 текше метр	0,18
18.	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 текше метр	0,151
19.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 текше метр	0,27
20.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильді май құю бекеті, гараждар	1 машина-орын	1,68
21.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,96
22.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,182
23.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 текше метр	0,132
24.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 текше метр	0,3
25.	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 текше метр	0,11

Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы № 37/3 шешіміне 2-қосымша

Шиелі ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы (теңге)
---	-------	----------------	----------------

1.	Тұрғын үйлер үшін	айына 1 адамға	87,67
2.	Шаруашылық субъектілер үшін	1 текше метр	1402,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК